

Еуразиялық экономикалық одақтың ортақ электр энергетикасы нарығы шеңберінде электр энергиясын (куатын) мемлекетаралық беру бойынша көрсетілетін қызметтерге қол жеткізу қағидаларын бекіту туралы

Еуразиялық үкіметаралық кеңестің 2023 жылғы 3 ақпандагы № 2 шешімі.

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 81-бабын іске асыру мақсатында және Еуразиялық экономикалық одақтың ортақ электр энергетикасы нарығы туралы хаттаманың 5-тармағына (аталған Шартқа № 21 қосымша) сәйкес Еуразиялық үкіметаралық кеңес **шешті:**

1. Қоса беріліп отырған Еуразиялық экономикалық одақтың ортақ электр энергетикасы нарығы шеңберінде электр энергиясын (куатын) мемлекетаралық беру бойынша көрсетілетін қызметтерге қол жеткізу қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешім 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Еуразиялық үкіметаралық кеңестің мүшелері:

Армения
Республикасынан

Беларусь
Республикасынан

Қазақстан
Республикасынан

Қыргыз
Республикасынан

Ресей
Федерациясынан

Еуразиялық үкіметаралық
кеңестің
2023 жылғы 3 ақпандагы
№ 2 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

Еуразиялық экономикалық одақтың ортақ электр энергетикасы нарығы шеңберінде электр энергиясын (куатын) мемлекетаралық беру бойынша көрсетілетін қызметтерге қол жеткізу
ҚАҒИДАЛАРЫ

I. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар Еуразиялық экономикалық одақтың ортақ электр энергетикасы нарығы туралы хаттаманың 5-тармағына (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 21 қосымша) сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) ортақ электр энергетикасы нарығының шеңберінде электр энергиясын (куатын) мемлекетаралық беру бойынша көрсетілетін қызметтерге қол жеткізу қағидаттары мен тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін мыналарды білдіретін ұғымдар пайдаланылады:

"электр энергиясын (куатын) сатудан тыс мемлекетаралық беру" - электр энергиясын (куатын) Одаққа мүше мемлекеттің электр энергетикалық жүйесі арқылы

шектес мүше мемлекеттің электр энергетикалық жүйесінің бір бөлігінен оның Одақтың ортақ электр энергетикасы нарығында электр энергиясының сатылымына қатысы жоқ екінші бөлігіне мемлекетаралық беру;

"сатудан тыс мемлекетаралық беруге уәкілетті ұйым" - Одақтың ортақ энергетикасы нарығының инфрақұрылымдық ұйымы болып табылатын, электр энергиясын (қуатын) сатудан тыс мемлекетаралық беруді жүзеге асыруға Одаққа мүше мемлекет уәкілеттік берген және Одақтың ортақ электр энергетикасы нарығы субъектілерінің тізіліміне енгізілген ұйым;

"электр энергиясын (қуатын) сату арқылы мемлекетаралық беруге уәкілетті ұйым" - Одақтың ортақ энергетикасы нарығының инфрақұрылымдық ұйымы болып табылатын, электр энергиясын (қуатын) сату арқылы мемлекетаралық беруді жүзеге асыруға Одаққа мүше мемлекет уәкілеттік берген және Одақтың ортақ электр энергетикасы нарығы субъектілерінің тізіліміне енгізілген ұйым;

"электр энергиясын (қуатын) сату арқылы мемлекетаралық беру" - электр энергиясын (қуатын) Одаққа мүше мемлекеттің электр энергетикалық жүйесі арқылы мүше мемлекеттің электр энергетикалық жүйесінің бір бөлігінен Одақтың ортақ электр энергетикасы нарығында электр энергиясының саудасына қатысы бар екінші бөлігіне мемлекетаралық беру;

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге ұғымдар Хаттамада және Хаттаманың 6-8-тармақтарында көзделген қағидаларда айқындалған мағыналарда қолданылады.

3. Электр энергиясын (қуатын) сату арқылы мемлекетаралық беру бойынша көрсетілетін қызметке (бұдан әрі – сату арқылы мемлекетаралық беру қызметі) қолжетімділік мынадай қағидаттар негізінде жүзеге асырылады:

Одақтың ортақ электр энергетикасы нарығына қатысушылар осы Қағидаларға, Хаттаманың 6-тармағында көзделген электр энергиясын өзара сатуды жүзеге асыру қағидаларына (бұдан әрі – өзара сауданы жүзеге асыру қағидалары) және қосылу келісіміне сәйкес осы көрсетілетін қызметті алуға тең құқықтарға ие болады;

сату арқылы мемлекетаралық беруге уәкілетті ұйымдардың қосылу туралы шартты жасауға міндептілігі;

осы қызметті көрсетудің ақылы болуы;

қосылу туралы шартқа сәйкес осы қызметке ақы төлеу бойынша міндептемелердің орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі міндептілік.

Электр энергиясын (қуатын) сатудан тыс мемлекетаралық беру бойынша көрсетілетін қызметке (бұдан әрі – сатудан тыс мемлекетаралық беру қызметі) қолжетімділік мынадай қағидаттар негізінде жүзеге асырылады:

Одаққа мүше шектес мемлекеттердің (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) ішкі электр энергетикасы нарықтарының субъектілері осы Қағидаларға сәйкес жасалған шарттар негізінде осы қызметті алуға тең құқықтарға ие болады;

электр энергиясын (қуатын) сатудан тыс мемлекетаралық беруге уәкілеттік берілген үйымдардың тұтынушылармен осы тұтынушылар осы Қағидалардың талаптарын орындаған кезде және осы Қағидалардың 20-тармағында көрсетілген бас тарту үшін негіздер болмаған кезде осындай қызметті сатудан тыс мемлекетаралық беруге шарттар жасасу (бұдан әрі - сатудан тыс мемлекетаралық тасымалдау шарты) міндеттілігі

тұтынушылардың осындай қызметті сатудан тыс мемлекетаралық беруге шарттар жасасу міндеттілігі;

осы қызметті көрсетудің тегін болуы.

4. Электр энергиясын (қуатын) сату арқылы мемлекетаралық беруді сату арқылы мемлекетаралық беруге уәкілеттік берілген үйым жүзеге асырады және осы қызметті тұтынушының электр энергиясын беру және электр энергетикасы арқылы электр энергиясын сату арқылы мемлекетаралық беру жүзеге асырылатын сол мемлекеттің электр энергетикасында жедел диспетчерлік басқару жөніндегі қызметтерді көрсету бойынша желілік және (немесе) жүйелік операторымен (бұдан әрі – жүйе (желі) операторы) қатынастарын дербес реттеуді, сондай-ақ сату арқылы электр энергиясын мемлекетаралық беруді ауыстыру арқылы жүзеге асырған жағдайда - көрсетілген қатысушы мемлекеттің ішкі электр энергиясы нарығына қолжетімділікті реттеуді талап етпейді.

Мүше мемлекет үйымға мүше мемлекеттің аумағында электр энергиясын (қуатын) сату арқылы мемлекетаралық беруді жүзеге асыруға бір үйымға уәкілеттік береді. Аталған үйымға электр энергиясын (қуатын) мемлекетаралық тасымалдауға да уәкілеттік берілуі мүмкін.

5. Егер электр энергиясын (қуатын) сатудан тыс мемлекетаралық беруді жүзеге асыру кезінде бірнеше желі операторларына жататын электр беру желілері пайдаланылса, онда мұндай желі операторларын мүше мемлекет Одақтың ортақ электр энергетикасы нарығы субъектілерінің тізіліміне электр энергиясын сатудан тыс мемлекетаралық беруді жүзеге асыруға уәкілетті үйымдар ретінде енгізуі тиіс. Сатудан тыс мемлекетаралық беруге шартты тұтынушы осы Қағидалардың II бөліміне сәйкес электр беру желілері электр энергиясын (қуатын) сатудан тыс мемлекетаралық беруді жүзеге асыруға тартылған желі операторларының әрқайсысымен жасасады. Бұл ретте электр энергиясын (қуатын) сатудан тыс беру және электр энергетикасы арқылы мемлекетаралық беру жүзеге асырылатын сол мемлекеттің электр энергетикасында жедел диспетчерлік басқару жөніндегі қызметтерді көрсету бойынша қатынастарды дербес реттеу талап етілмейді.

Егер электр энергиясын (қуатын) сатудан тыс мемлекетаралық беруді жүзеге асырған кезде бірнеше желі операторларына тиесілі электр беру желілері пайдаланылса, онда электр энергетикалық жүйесі арқылы сатудан тыс мемлекетаралық беру жоспарланып отырған мүше мемлекеттің жүйелік операторы көрсетілетін қызметті пайдалануға ниет білдіріп отырған көршілес мүше мемлекеттің электр энергиясының

ішкі нарығы субъектісінің сұрау салуын алған күнінен бастап құнтізбелік 15 күн ішінде электр энергиясының (куатын) сатудан тыс мемлекетаралық беру бойынша мұндай беруді жүзеге асыруға уәкілетті желілік операторлардың ең аз санын басшылыққа ала отырып, желі операторларын анықтайды және осы желілік операторлар туралы ақпаратты көрсетілген уәкілетті органға хабарлайды.

Мүше мемлекет электр энергиясын (куатын) сатудан тыс мемлекетаралық беруді жүзеге асыруға бір ұйымға уәкілеттік беруге құқылы. Бұл ретте көрсетілген ұйымды қоспағанда, осы қызметті тұтынушының мұндай қызметті көрсетуге арналған қатынастарды дербес реттеуі талап етілмейді.

6. Сату арқылы мемлекетаралық және (немесе) сатудан тыс мемлекетаралық беруге уәкілетті ұйым (ұйымдар) туралы ақпарат Хаттаманың 8-тармағында (бұдан әрі – ақпарат алмасу қағидалары) көзделген қағидаларға сәйкес ашылады және Одақтың ортақ электр энергетикасы нарығы субъектілерінің тізліміне енгізіледі.

7. Сауда арқылы мемлекетаралық беру бойынша көрсетілетін қызметтер және сатудан тыс мемлекетаралық қызметтер Хаттаманың 11-тармағының он екінші абзацының және Хаттаманың 39-тармағының ережелері ескеріле отырып, мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен айқындалатын баға (тариф) бойынша төленеді.

Электр энергиясын (куатын) сату арқылы мемлекетаралық беруді және электр энергиясын (куатын) сатудан тыс мемлекетаралық беруді жүзеге асырудың бағалары (тарифтері) мүше мемлекеттің заңнамасының ережелері ескеріле отырып, ақпарат алмасу қағидаларына сәйкес келесі құнтізбелік жылға жарияланады, бірақ электр энергиясын (куатын) мемлекетаралық беру жоспарланатын (бұдан әрі – жоспарлы жыл) құнтізбелік жылдың алдындағы жылышының 1 қарашасынан кешіктірілмеуге тиіс.

Электр энергиясын (куатын) сату арқылы мемлекетаралық беруді және (немесе) сатудан тыс мемлекетаралық электр энергиясын беруді жүзеге асыруға арналған бағалар (тарифтер) құнтізбелік жылда өзгерген жағдайда, мұндай бағалар (тарифтер) мүше мемлекеттің заңнамасының ережелері ескеріле отырып, кезекті құнтізбелік айдың басталуынан 10 күн бұрын ақпарат алмасу қағидаларына сәйкес келесі құнтізбелік айдың (есептік кезең) жарияланады.

Электр энергиясын (куатын) сату арқылы мемлекетаралық беруді және (немесе) сатудан тыс мемлекетаралық электр энергиясын беруді жүзеге асыруға арналған бағалар (тарифтер) тарифтік шешімнің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін өзгертилмейді. Электр энергиясын (куатын) сату арқылы мемлекетаралық беру және (немесе) электр энергиясын сатудан тыс мемлекетаралық беру параметрлері өзгерген жағдайда, мұндай қызметтің құны формула түрінде немесе оны анықтаудың тәртібі түрінде есептелетін құны көрсетілетін қызметтің өзгерілген параметрлеріне сәйкес айқындалады.

8. Еркін шарт, мерзімді келісімшарт немесе бір тәулік бұрын мәміле жасау бойынша сатып алушылар болып табылатын Одақтың жалпы электр энергетикасы нарығының қатысушилары сату арқылы мемлекетаралық беру қызметін тұтынушылар болып табылады.

9. Мүше мемлекеттердің электр энергиясының ішкі нарықтарының мынадай субъектілері сатудан тыс мемлекетаралық беру қызметін тұтынушылар болып табылады:

а) мүше мемлекеттердің ішкі электр энергиясы нарығында жасалған электр энергиясын сату-сатып алу шарты бойынша сатып алушылар – аталған шарттың орындалуын қамтамасыз ету үшін мүше мемлекетке шектес электр энергиясы жүйесі арқылы сатудан тыс мемлекетаралық беруді жүзеге асырған кезде;

б) мүше мемлекеттің желілік операторы - мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес ішкі электр энергетика нарығының жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында көршілес мүше мемлекеттің электр энергетикасы жүйесі арқылы электр энергиясын (қуатын) сатудан тыс мемлекетаралық берген жағдайда.

10. Сату арқылы мемлекетаралық беруге уәкілетті ұйымдар мен осы Қағидалардың 8-тармағында көрсетілген қызметтерді тұтынушылар арасындағы қатынастар қосылу туралы шартпен реттеледі. Мұндай шарттың маңызды талаптары, оны жасау, орындау, бұзу, және тоқтату тәртібі өзара сауда қағидаларымен белгіленеді.

11. Сатудан тыс мемлекетаралық беруге уәкілетті ұйымдар мен осы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген қызметті тұтынушылар арасындағы қатынастар осы Қағидалардың II бөліміне сәйкес жасалған сатудан тыс мемлекетаралық беру шарттарымен реттеледі.

12. Мүше мемлекеттің электр энергетикалық жүйесі арқылы электр энергиясын (қуатты) мемлекетаралық беруді (электр энергиясын (қуатты) жылжыту немесе ауыстыру арқылы) жүзеге асыру тәсілі осы мүше мемлекеттің заңнамасында айқындалады.

II. Сатудан тыс мемлекетаралық беру шарттарын жасау, орындау, өзгерту бұзу және тоқтату тәртібі

13. Осы Қағидалардың 9-тармағының "а" және "б" тармақшаларында көрсетілген электр энергиясын (қуатын) сатудан тыс мемлекетаралық беруді жүзеге асыру үшін мүше мемлекеттердің сатудан тыс мемлекетаралық беру қызметін пайдалануға ниет білдіріп отырған ішкі электр энергетикасы нарықтарының субъектілері (бұдан әрі – өтініш берушілер) жоспарланып отырған жылдың 1 қыркүйегіне дейін сатудан тыс мемлекетаралық беруді жүзеге асыруға уәкілетті ұйымдарға жоспарланатын жылға сатудан тыс мемлекетаралық беру шарттарын жасау туралы өтінішпен жүгінеді.

Осы Қағидалардың 9-тармағының "б" тармақшасында көрсетілген өтініш берушінің сатудан тыс мемлекетаралық беру шарттары болған жағдайда, ол жоспарланатын

жылдың алдындағы жылдың 1 қыркүйегіне дейін сатудан тыс мемлекетаралық беруге уәкілетті ұйымдарға (ұйымдарға) жоспарланып отырған жылға арналған шарттық (жоспарлық) көлемдер туралы өтініш береді.

Сатудан тыс мемлекетаралық беруге уәкілетті ұйым осы Қағидалардың 9-тармағының "а" тармақшасында көрсетілген қызметтерді тұтынушылар үшін осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келетін сатудан тыс мемлекетаралық беру шартының ұлгілік нысанын әзірлейді.

14. Сатудан тыс мемлекетаралық беру шартын жасасу үшін өтініш беруші сатудан тыс мемлекетаралық беруге уәкілетті ұйымға мынадай ақпаратты қамтитын өтінішті (өтінішке қол қойған тұлғаның өкілеттігін, мүше мемлекеттің ішкі электр энергиясы нарығының тиісті субъектісі атынан әрекет етуге құқығын растайтын құжаттармен қоса) жолдайды:

- а) атауы, заңды мекенжайы және банктік (төлем) деректемелері;
- б) электр энергиясын (қуатын) сатудан тыс мемлекетаралық беруді жүзеге асыру болжанып отырған мемлекетаралық шекті (шектерін), сондай-ақ мұндай беруді қамтамасыз ету үшін қажетті мүше мемлекеттің әкімшілік-аумақтық бірліктерін көрсету (осындай ақпарат болған жағдайда);
- в) жоспарланған жылдың қызмет көрсетудің жоспарланып отырған көлемі, соның ішінде:

осы Қағидалардың 9-тармағының "а" тармақшасында көрсетілген өтініш берушілер үшін – мүше мемлекеттің ішкі электр энергетикасы нарығында электр энергиясын сатып алу-сату шартын жасасқан және (немесе) жасау жоспарланып отырған өтініш берушінің электр энергиясын жеткізу көлеміне сәйкес электр энергиясын (қуатын) сатудан тыс мемлекетаралық берудің жоспарланған мерзімі, жоспарлық сағаттық көлемі;

осы Қағидалардың 9-тармағының "б" тармақшасында көрсетілген өтініш берушілер үшін – жоспарланған жылды (айлар бойынша бөлінген) электр энергиясын (қуатын) сатудан тыс мемлекетаралық берудің жоспарланған жылдық көлемі;

г) аумағында электр энергиясын (қуатын) сатудан тыс мемлекетаралық беруді жүзеге асыру болжанып отырған мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес өзге де ақпарат.

15. Сатудан тыс мемлекетаралық беруге уәкілетті ұйым осы Қағидалардың 14-тармағында көрсетілген өтінішті алған күнінен бастап күнтізбелік 25 күн ішінде оны қарауға және өтініш берушіге мынадай құжаттардың бірін жіберуге міндетті:

- а) өтініш беруші көрсеткен электр энергиясын (қуатын) сатудан тыс мемлекетаралық беру көлемдерін келісу туралы хабарлама;
- б) өтініште көрсетілген көлемде электр энергиясын (қуатын) мұндай берудің техникалық мүмкіндігі болмаған жағдайда, сатудан тыс мемлекетаралық берудің жаңа техникалық ықтимал көлемдері туралы ұсыныс;

в) осы Қағидалардың 20-тармағында көзделген жағдайларда шарт жасасудан дәлелді түрде бас тарту.

16. Сатудан тыс мемлекетаралық беруге уәкілетті ұйымнан электр энергиясын (қуатын) сатудан тыс мемлекетаралық берудің техникалық мүмкін болатын жаңа көлемдері туралы ұсынысты алған өтініш беруші осындай ұсынысты алған қунінен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде электр энергиясын (қуатын) сатудан тыс мемлекетаралық берудің ұсынылған көлемдерімен келісетіні туралы немесе шарт жасасуға бұрын жіберілген өтінішті кері қайтарып алу туралы көрсетілген ұйымға ресми түрде жазбаша хабарлайды. Ұйым ұсынған осындай аудару көлемдерімен келісімді алған кезде сатудан тыс мемлекетаралық беруді жүзеге асыруға уәкілетті ұйым осы Қағидалардың 17-тармағына сәйкес келісілген шарттарға қол қояды.

Сатудан тыс мемлекетаралық беруге уәкілетті ұйым өтініш берушінің электр энергиясын (қуатын) сатудан тыс мемлекетаралық берудің жаңа көлемдеріне келісімін алғаннан кейін күнтізбелік 5 күн ішінде осындай берудің жоспарланған көлемдері туралы ақпарат алмасу ережелеріне сәйкес мүдделі жүйе (желі) операторларына хабарлайды.

17. Сатудан тыс мемлекетаралық беруге уәкілетті ұйым сатудан тыс мемлекетаралық беру бойынша қызметтер көрсетудің бағасы жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 5 күннен кешіктірмей электр энергиясын сатудан тыс мемлекетаралық берудің келісілген көлемдерін ескере отырып, өз тарапынан қол қойылған сатудан тыс мемлекетаралық беру шартының жобасын (2 данада) өтініш берушіге жібереді.

Өтініш беруші мен сатудан тыс мемлекетаралық беруге уәкілетті ұйым арасында сатудан тыс мемлекетаралық беру туралы шарт жасасу тәртібі, сондай-ақ осындай шарт жасалған кездегі келіспеушіліктерді реттеу тәртібі осы бөлімнің ережелері ескеріле отырып, аумағында сатудан тыс мемлекеттік беру қызметі көрсетілетін аумақтың мүше мемлекетінің заңнамасында белгіленеді.

18. Қызметті көрсету басталғанға дейін 2 күннен кешіктірілмей сатудан тыс мемлекетаралық беруге уәкілетті ұйым мүдделі жүйелік операторларға мынадай ақпаратты көрсете отырып, ақпарат алмасу қағидаларына сәйкес қызмет көрсетудің басталу күні туралы хабарлайды:

а) электр энергиясын (қуатын) сатудан тыс мемлекетаралық беруді жүзеге асыру көзделіп отырған мемлекетаралық ағынды (ағындар), сондай-ақ (мұндай ақпарат болған жағдайда) оны қамтамасыз ету қажет болатын мүше мемлекеттің әкімшілік-аумақтық бірлігін көрсету;

б) электр энергиясын (қуатын) сатудан тыс мемлекетаралық берудің жоспарланып отырған мерзімі, оның шартты көлемі, соның ішінде электр энергиясын (қуатын) берудің жоспарланып отырған жылғы жоспарлы сағаттық мерзімдері (болған жағдайда)

19. Сатудан тыс мемлекетаралық беру шартын жасасуға тиісті тұлғаны электрондық сәйкестендіру қамтамасыз етілген кезде телекоммуникация арналары бойынша электрондық құжаттарды алмасу арқылы жол беріледі.

20. Сатудан тыс мемлекетаралық беруді жүзеге асыруға уәкілетті үйым мынадай жағдайларда сатудан тыс мемлекетаралық беру шартын жасасудан бас тартуға құқылы:

шарт жасасу үшін қажетті және осы Қағидалардың 14-тармағында көрсетілген ақпараттың болмауы немесе толық ұсынылмауы;

өтініш берушінің сатудан тыс мемлекетаралық беру бойынша көрсетілетін қызметтерді төлеу бойынша орындалмаған міндеттемелерінің болуы. Тиісті ақпаратты ақпарат алмасу ережелеріне сәйкес сатудан тыс мемлекетаралық беруге уәкілетті үйымдар ашады;

электр энергиясын (куатын) сатудан тыс мемлекетаралық беруді шарт жасасу туралы өтінімде көрсетілген көлемде қамтамасыз ету үшін техникалық мүмкіндіктің болмауы;

егер электр энергиясын (энергияны) сатудан тыс мемлекетаралық беру осы Қағидалардың 9-тармағының "б" тармақшасында көрсетілген өтініш берушімен шарт жасасу жағдайын қоспағанда, ауытқуларды реттеу туралы келісімі жок мемлекетаралық ағымға (ағымдарға) қатысты көзделген болса.

Сатудан тыс мемлекетаралық беру туралы шарт жасасудан бас тартқан жағдайда уәкілетті үйым сатудан тыс мемлекетаралық беру бойынша өтініш берушіге бас тарту себептерін негізdep ұсынады.

Сатудан тыс мемлекетаралық беруге уәкілетті үйымның техникалық мүмкіндігінің жоқтығы фактісін тексеру үшін осы Қағидалардың 9-тармағының "а" тармақшасында көрсетілген өтініш берушінің тиісті мүше мемлекеттің электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға уәкілетті мемлекеттік органына өтініш жіберуге құқығы бар, оған жауап мүше мемлекеттің заннамасында көзделген тәртіpte беріледі.

21. Осы Қағидалардың 9-тармағының "а" тармақшасында көрсетілген тұтынушымен жасалған сатудан тыс мемлекетаралық беру шарты бойынша қызметтерді көрсету мерзімі шартта айқындалады, бірақ 1 күнтізбелік жылдан аспауы керек.

Егер мүше мемлекеттің ішкі электр энергетикасы нарығында салған электр энергиясын сатып алу-сату шарты бойынша жеткізуді қамтамасыз ету үшін сатудан тыс мемлекетаралық беруге уәкілетті үйыммен (үйымдармен) сатудан тыс мемлекетаралық беруге шарт (келісімшарттар) жасалуға тиіс болса, онда көрсетілген шарт сатып алу-сату шарты бойынша жеткізу басталатын күннен кешіктірілмей осы қызметті көрсету басталатын күнді көздеуге тиіс.

22. Егер осы Қағидалардың 9-тармағының "а" тармақшасында көрсетілген субъект көрсетілетін қызметті тұтынушы болып табылса, онда сатудан тыс мемлекетаралық

беру шарты шарт тараптары келісken мерзімге қызмет көрсету басталған айдың соңғы күніне дейін жасалады және шартта көрсетілген күннен бастап күшіне енеді.

Шарттың болмауы (шарт талаптары бойынша келісім кезеңінде) электр энергиясын мемлекетаралық беру желілері бойынша электр энергиясының ағынын шектеу үшін негіз болып табылмайды.

Шарт тараптары өздері жасаған шарт талаптары осы шарт жасалғанға дейін туындаған қатынастарға қолданылатынын белгілеуге құқылы.

23. Электр энергиясын (қуатын) сатудан тыс мемлекетаралық берудің шарттық (жоспарлы) көлемі мынадай түрде айқындалады:

осы Қағидалардың 9-тармағының "а" тармақшасында көрсетілген қызметті тұтынушы үшін, – осы Қағидалардың 14-тармағының "в" тармақшасының екінші абзацына және 15 және 16-тармақтарына сәйкес;

осы Қағидалардың 9-тармағының "б" тармақшасында көрсетілген қызметті тұтынушы үшін, – осы Қағидалардың 14-тармағының "в" тармақшасының үшінші тармағына сәйкес.

Осы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген тұтынушылардың қызметтерді тұтынудың жоспарланып отырған жылдың ішінде сатудан тыс мемлекетаралық беру шарты жасалған шеңберде мыналарды ескере отыры, сатудан тыс мемлекеттік берудің шарттық көлемін қайта қарау туралы сатудан тыс мемлекетаралық беруге уәкілетті үйымға жүгінуге құқылы:

осы Қағидалардың 9-тармағының "а" тармақшасында көрсетілген қызметті тұтынушылар жоспарланған жылдың қалған кезеңіне, шартта белгіленгеннен аспайтын сатудан тыс мемлекетаралық берудің жаңа жоспарлы сағаттық көлемін орталықтандырылған саудада конкурстық іріктеу аяқталған тәуліктің алдындағы тәулікке жоспарланған күнінен бір тәулік бұрын сағат 15:00-ден кешіктірмей жібереді;

осы Қағидалардың 9-тармағының "б" тармақшасында көрсетілген қызметті тұтынушылар жоспарланған жылдың қалған кезеңіне айлар бойынша бөлінген электр энергиясын сатудан тыс мемлекетаралық берудің жаңа көлемдерін жоспарланған айдың 25-інен кешіктірмей жібереді.

Осы Қағидалардың 9-тармағының "а" тармақшасында көрсетілген қызметті тұтынушылар сатудан тыс мемлекетаралық беруге уәкілетті үйымға мүше мемлекеттің ішкі электр энергетикасы нарығында жасалған электр энергиясын (қуатын) сатудан тыс мемлекетаралық беру келісімі шеңберінде реттеуді талап ететін, мүше мемлекеттің ішкі электр энергетикасы нарығында жасалған электр энергиясын сату-сатып алу шарты бойынша осы уәкілетті үйыммен жасалған шарт аясында осы уәкілетті үйыммен жасалған сатып алу-сату шарты бойынша деректемелерді, жеткізуудің басталу күнін, жеткізу мерзімін және жеткізуудің сағаттық көлемдерін хабарлауға міндettі.

Осы Қағидалардың 9-тармағының "а" тармақшасында көрсетілген қызметті тұтынушы үшін, жеткізу тиісті мемлекетаралық ағындар (ағын) арқылы беруді шектес

мүше мемлекеттің электр энергетикасы жүйесі арқылы реттеуді талап ететін мүше мемлекеттің ішкі электр энергиясы нарығында жоспарланған жыл ішінде жасалған барлық сатып алу-сату шарттары бойынша жеткізудің жалпы көлемі тиісті мемлекетаралық ағындарға (ағынға) қатысты сатудан тыс мемлекеттік беруге уәкілеттік берілген үйым жасасқан сатудан тыс мемлекеттік беру шарты бойынша шарттық (жоспарлы) көлемнен аспауға тиіс.

24. Есеп айырысу кезеңіндегі электр энергиясын (қуатын) сатудан тыс мемлекетаралық берудің нақты көлемі:

осы Қағидалардың 9-тармағының "а" тармақшасында көрсетілген қызметтерді тұтынушымен жасалған шарт бойынша - осы есеп айырысу кезеңіндегі электр энергиясын (қуатын) сатудан тыс мемлекетаралық берудің жоспарланған көлемдерінің тиісті мемлекетаралық ағындары бойынша тәуліктік графигіне енгізілген электр энергиясының теңгерім-ағындарының жиынтығына сүйене отырып;

осы Қағидалардың 9-тармағының "б" тармақшасында көрсетілген қызметті тұтынушымен жасалған шарт бойынша, - көрсетілетін қызметтердің көлемін анықтаудың шарт тараптарымен келісілген тәртібіне сәйкес. Электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға уәкілетті тиісті мүше мемлекеттердің мемлекеттік органдарымен келісілген әдіstemесі болған кезде, оған сәйкес мемлекетаралық ағындарда электр энергиясын жеткізу және электр энергиясын (қуатын) мемлекетаралық беру бойынша қызметтер көрсету ауқымы айқындалады, электр энергиясын (қуатын) сатудан тыс мемлекетаралық беру шарты бойынша көрсетілетін қызметтің көлемін айқындау тәртібі осы әдіstemеге сай болуға тиіс.

Күнтізбелік ай аталған шарттар бойынша есеп айырысу мерзімі болып табылады.

25. Сатудан тыс мемлекетаралық беру шартында дауларды сотқа дейін реттеу тәртібін көздейтін тараптар арасындағы дауларды шешу тәртібі белгіленеді және шартқа қатысушылардың құқықтары мен міндеттеріне қатысты даулардың соттылығы және қолдануға жататын құқығы айқындалады.

26. Сатудан тыс мемлекетаралық беру шартын өзгерту және бұзу тараптардың келісімі бойынша шартты өзгерту немесе бұзу туралы шартта көрсетілген күннен бастап немесе осы тармаққа сәйкес біржақты тәртіпте бұзылуы мүмкін.

Осы Қағидалардың 9-тармағының "а" тармақшасында көрсетілген қызметті тұтынушымен сатудан тыс мемлекетаралық беру шарты біржақты тәртіппен:

сатудан тыс мемлекетаралық беруге уәкілетті үйымның бастамасы бойынша, – тұтынушы көрсетілген қызмет үшін ақы төлеу жөніндегі міндеттемелерді бірнеше рет бұзған жағдайда;

көрсетілетін қызметті тұтынушының бастамасы бойынша, – егер оның осы шарт бойынша көрсетілетін қызметті төлеуге берешегі болмаса бұзылады.

Сатудан тыс мемлекетаралық беру шарты біржақты бұзылған жағдайда шартта көзделген тәртіппен жіберілген шартты бұзу туралы хабарламада көрсетілген күннен

бастап есептеледі, бірақ оны жіберген күнінен бастап күнтізбелік 30 күннен өртे болмауға тиіс.

27. Сатудан тыс мемлекетаралық беру шарты да:

көрсетілетін қызметті тұтынушыны немесе мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен сатудан тыс мемлекетаралық беруге уәкілетті ұйымды экономикалық дәрменсіз (банкрот) деп танған кезде;

көрсетілетін қызметті тұтынушы, сатудан тыс мемлекетаралық беруге уәкілетті ұйым таратылған кезде тоқтатылады.

Бұл ретте мүше мемлекеттің электр энергиясының ішкі нарығының жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында жасалған сатудан тыс мемлекетаралық беру шартының қолданылуы тоқтатылған жағдайда, тиісті мүше мемлекеттердің электр энергиясы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға уәкілетті мемлекеттік органдары электр энергиясын (куатын) сатудан тыс мемлекетаралық беру шеңберінде қатынастарды реттеу үшін өзге шаруашылық жүргізуші субъектілердің өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді.

III. Мемлекетаралық беру шарттарын тіркеу және есепке алу тәртібі

28. Осы Қағидалардың 8-тармағында көрсетілген қызметтерді тұтынушылар мен сату арқылы мемлекетаралық беруді жүзеге асыруға уәкілетті ұйымдар арасындағы қосылу туралы шарттан туындейтын электр энергиясын (куатын) сату арқылы мемлекетаралық беру бойынша шарттық міндеттемелер өзара сауда қағидаларында белгіленген тәртіpte тіркеледі және Хаттаманың 7-тармағында көзделген қағидаларға сәйкес мемлекетаралық ағындардың еркін өту қабылетін анықтау кезінде ескеріледі.

29. Егер мүше мемлекеттің заңнамасында өзгеше көзделмесе, сатудан тыс мемлекетаралық беру шарттарын тіркеу жүзеге асырылмайды.

30. Сатудан тыс мемлекетаралық беруге уәкілетті ұйым мүше мемлекеттің және тиісті көршілес мүше мемлекеттің уәкілетті ұйымдарына (жүйелік (желі) операторлары) сатудан тыс мемлекетаралық беру шарттарын жасасқаны және бұзғаны туралы ақпарат алмасу ережелеріне сәйкес хабарлайды.

31. Осы Қағидалардың "а" тармақшасында көрсетілген қызметтерді тұтынушылармен жасалған шарттар бойынша электр энергиясын (куатын) сатудан тыс мемлекетаралық берудің шарттық (жоспарлы) көлемдері мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен, сондай-ақ жүйелік (желілік) операторлардың (соның ішінде үшінші елдердің) өзара іс-қимылын реттейтін және жүйелік (желілік) операторлар арасында жасалған шектес электр энергиясы жүйесінің қатарлас жұмысы туралы шарттары орындау мақсатында келісілген құжаттарға сәйкес және электр энергиясының тиісті мемлекетаралық участкерлер арқылы теңгерім-ағындардың тәуліктік сафаттық кестесінде есепке алынады.

32. Жүйе (желі) операторларының мемлекетаралық ағындар арқылы электр энергиясының тәңгерім-ағынның тәуліктік сағаттық кестесінің (желілік) техникалық жағынан іске асырылуының операторлардың (соның ішінде үшінші елдердің) өзара іс-қимылын реттейтін және жүйелік (желілік) операторлар арасында жасалған шектес электр энергиясы жүйесінің қатарлас жұмысы туралы шарттарды (техникалық келісімдерді) орындау мақсатында келісілген құжаттарға сәйкестігін операторлардың (жүйелік) тексеру нәтижелері бойынша сатудан тыс электр энергиясын беруге уәкілетті үйым сатудан тыс мемлекетаралық беру шарты бойынша сатудан тыс мемлекетаралық электр энергиясын (куатын) берудің алдағы тәуліктегі жоспарлы көлемінің қорытынды графигі туралы қызметтерді тұтынуышыға хабарлайды.

Егер мүше мемлекеттің жүйелік (желілік) операторынан жоспарланғаның алдындағы күні жүзеге асырылатын электр энергиясының тәңгерім-ағындарының тәуліктік сағаттық кестесінің техникалық орындылығын тексеру нәтижелері бойынша жоспарланған тәуліктің белгілі бір сағатына (сағатына) кейбір мемлекетаралық ағындар арқылы электр энергиясының тәңгерім-ағынын азайту қажеттілігі туралы хабарлама алынса, онда мүше мемлекеттің Хаттаманың 7-тармағында көзделген қағидаларға сәйкес электр энергиясын жиынтықты сағаттық көлемінің сальдосын растауга немесе түзетуге уәкілетті үйымы (жүйелік (желі) операторы) осы Қағидалардың 9-тармағының "а" тармақшасында көрсетілген электр энергиясын сатудан тыс мемлекетаралық берудің жиынтықты жоспарлы сағаттық көлемін қызметтерді тұтынуышы үшін қысқартуы мүмкін.

Мүше мемлекеттің көрсетілген уәкілетті үйымы (жүйелік (желі) операторы) осы мүше мемлекеттің сатудан тыс мемлекетаралық беруге уәкілетті үйымын электр энергиясын (куатын) сатудан тыс мемлекетаралық берудің жиынтықты жоспарланған сағаттық көлемдерінің жаңа мәні туралы хабарлайды, ал ол өз кезегінде осы Қағидалардың 9-тармағының "а" тармақшасында көрсетілген қызметті тұтынуышыларға жоспарланған тәуліктегі сатудан тыс мемлекетаралық беру графигінде электр энергиясын (куатын) мемлекетаралық берудің шарттық (жоспарлы) көлемдерінің жаңа мәні туралы хабарлайды.

IV. Қорытынды ережелер

33. Ушінші мемлекеттердің электр энергетикасы субъектілерінің мұдделері үшін электр энергиясын (куатын) мемлекетаралық беру (үшінші мемлекеттерге және үшінші мемлекеттер арасында жеткізу, үшінші мемлекеттің бір бөлігінен оның екінші бөлігіне беру) Хаттаманың 2-тармағына сәйкес реттеледі.

34. Сатудан тыс мемлекетаралық беруге уәкілетті үйымдар мына мәліметтерді:

а) осы Қағидалардың 9-тармағының "а" тармақшасында көрсетілген қызметті тұтынуышылар үшін сатудан тыс мемлекетаралық беру туралы шарттарды жасасу тәртібін, сатудан тыс мемлекетаралық беру туралы шарттың үлгілік нысандарын;

б) мүше мемлекеттің электр энергетикасы саласында реттеуді және (немесе) бақылауды жүзеге асыруға уәкілетті мемлекеттік органдының ресми сайтында, "Интернет" ақпараттық-телекоммуникациялық желіде орналастырылған сатудан тыс мемлекетаралық беру бойынша қызмет көрсетудің бағасын (тарифтерін);

в) мүше мемлекеттің электр энергетикалық жүйесі арқылы сатудан тыс мемлекетаралық беруді жүзеге асыру тәсілін (өткізу немесе ауыстыру);

г) соңғы күнтізбелік жылдағы электр энергиясын (қуатын) сатудан тыс мемлекетаралық берудің техникалық мүмкіндігі жоқтығының барлық нақты жағдайларын (тиісті мемлекетаралық бөлімдерді көрсете отырып)

д) ақпарат алмасу қағидаларында және мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген өзге де ақпаратты қоса алғанда, ақпарат алмасу қағидаларына сәйкес электр энергиясын (қуатын) сатудан тыс мемлекетаралық беру жөніндегі қызметтерге қол жеткізуге қатысты шынайы ақпаратты ашуға міндетті.

35. Мемлекетаралық сату арқылы беруге уәкілетті ұйымдар ақпарат алмасу ережелеріне және қосылу туралы келісімге сәйкес мемлекетаралық сату арқылы беру қызметтеріне қол жеткізуге қатысты сенімді ақпаратты ашуға міндетті.

36. Осы Қағидалардың орындалуын бақылау 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа және мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес табиғи монополия субъектісі болып табылатын Одақтың ортақ электр энергетикасы нарығының инфрақұрылымдық ұйымының осы Қағидаларды бұзыуы осы мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген жауаптылыққа әкеп соғады.

Одақтың ортақ электр энергетикасы нарығының инфрақұрылымдық ұйымының Одақтың ортақ электр энергетикасы нарығы субъектілерінің құқықтары мен занды мұдделерінің бұзылуына әкеп соғатын осы Қағидаларды сактамауы, аумағында осындай ұйым тіркелген мүше мемлекеттің азаматтық заңнамасында және қосылу туралы шартта көзделген жауаптылыққа әкеп соғады.

Одақтың ортақ электр энергетикасы нарығының инфрақұрылымдық ұйымының Одақтың ортақ электр энергетикасы нарығында бәсекелестікті болдырмауға, шектеуге немесе жоюға бағытталған іс-әрекеттер жасауы аумағында осындай ұйым тіркелген мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген жауаптылыққа немесе 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартта көзделген жауаптылыққа әкеп соғады.